

- ответственность - готовность отвечать за свою компьютерно-информационную деятельность, предъявление к себе требований за результат этой деятельности;
- индивидуальность - способность к самовыражению в компьютерно-информационной деятельности.

Эти новые качества личности будущего специалиста ускоряют и облегчают его социализацию в информационном обществе, гарантируют ему конкурентоспособность на рынке труда.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Мижерикова В.А., Ермоленко М.Н. Введение в педагогическую деятельность. -М.: Педагогическое общество России, 2002. – 268 с.
2. Айламазян А.К., Стась Е.В. Информатика и теория развития. -М.: Наука, 1989.-174 с.
3. Бешенков С.А. Проблемы профильного обучения информатике. –М., 1993. -90 с.
4. Ершов А.П. Информатизация: от компьютерной грамотности к информационной культуре общества // Коммунист. 1988. -№2, - С.82-92.
5. Короткое А.М. Компьютерное образование с позиций системно-деятельностного подхода // Педагогика, 2004. -№2. - С. 3-10.
6. Матрос Д.Ш., Леонова Е.А., Носова Л.С. Технология конструирования содержания образования и системы уроков по информатике // Информатика и образование. 2004. №8-9. - С.2-9 (11-17).
7. Олейников А.А. Организационно-педагогические основы компьютерно-информационного образования студентов гуманитарных факультетов. -Костанай, 2006. – 229 с.
8. Чернилевский Д.В. Дидактические технологии в высшей школе. -М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2002.- 437 с.
9. Худякова, Н.Л. Развитие человека и воспитывающая функция образования. -Челябинск: Челябин.гос. ун-т.,4. 1. 2002. – 146 с.

Поступила в редакцию 27.05.2010.

Г.А. МҰРАТБАЕВА, А.А.САИПОВ

БОЛАШАҚ ӨНЕРТАНУ МАМАНДАРЫН КӘСІБИ ДАЯРЛАУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР ЫҚПАЛЫ

This article is devoted to the interrelation problems of teaching the humanitarian subjects with the professional training of the future specialists at Art Institutions in the Republic of Kazakhstan. The article points out the main aims, tasks and directions of subjects which encourage professional improvement of future specialists. The authors single out complex and system of humanitarian subjects, because they have big potential in using of new forms and methods during the professional training of the future art critic specialists.

Қазіргі кәсіби білім беру саласында мамандар даярлау ісі жаңа кезеңге көтеріліп келеді. Қоғамдағы, саясаттағы, экономикадағы бүкіл өзгеріс пен даму рухани өмірдегі білім беру үрдісін жаңаша құрылымын әдаярлауда ұйымдастырушылық-педагогикалық негіздерін интенсификациялау қажеттігі туындап отыр [1]. Әсіресе, ұлттық деңгейде болашақ өнертану мамандарына жүйелі педагогикалық білім негізіндегі кәсіби даярлығынсыз жүзеге асыру мүмкін емес. Өйткені, ол алдымен болашақ өнертану мамандарынан теориялық тұрғыда терең педагогикалық, шығармашылық білім беруді талап етеді. Қазіргі кездегі өнер саласындағы жоғары кәсіби білім беру жүйесінің қалыптасуы төңірегіндегі мәселелерді жан-жақты зерттеумен анықталады. Болашақ өнертану мамандарын даярлау ісі қай кезеңде болмасын педагогика ғылымы мен практикасының өзекті мәселесіне айналып отырады.

Болашақ өнертану мамандарына кәсіби білім беру мен оқыту мазмұнының икемділігін қалыптастыруда білім беруді ұйымдастырушы педагогтар қауымы мен тәжірибиелі шеберлер мынандай ғылым мен практикаға сүйенген ұстанымдарды негізгі бағытқа алуы тиіс:

- болашақ өнертану мамандарын даярлау саласына білім беру мазмұнының құрылымына қойылатын мемлекеттік талаптарды қамтамасыз ететін білім берудегі стандартты сақтау;
- оқу-бағдарламалық тізбек ретінде көрінетін: мамандық-квалификациялық талап – оқу жоспары – оқу бағдарламалары секілді біртұтас білім беру жүйесінің мақсатты түрде жоспарланған процесін құратын жүйелі жолдарын қалыптастыру;
- әрбір кәсіби білім сатысының аяқталуы;
- кәсіптенуге дейінгі; кәсіптену кезіндегі; кәсіптенуден кейінгі білім деңгейлерінің өзара байланысы мен сабақтастығын жалғастыру;
- оқу процесіндегі кәсіби қызметті үлгілеуге мүмкіндік беретін болашақ өнертану мамандарын даярлау үлгісін құрудың көрінісі ретіндегі қызметтік іс-әрекетін жасақтау;

- оқу-бағдарламалық құжаттамалардан көрінетін аймақтық еңбек нарқының құрылымындағы өзгеріс мүмкіндіктерін және өнертану саласының болашағы мен даму беталысының есебін талап ететін болжаулық ыңғайын ескеру.

Білім беру мен оқыту мазмұнының икемділігін құруды негізгі қажеттіліктерге қарай өзгеріп отыратын белгілі қызметтері мен кәсіби міндеттерін танытатын кәсіби білім мазмұнын жобалауға мүмкіндік беретін ыңғайға сүйену қажет.

Білім беру мен оқыту мазмұнының икемділігінің үлгісі қарастырушылардан мамандық пен кәсіби мамандықтарда жобаланған өзгермейтін оқу пәндерінің жиынтығынан тұратын көпнұсқалығын, болашақ мамандарды даярлау жүйесіндегі бағыттық саралаудың ұстанымы бойынша құрылған теориясы мен практикасын жасақтауды талап етеді [2].

Жоғарыда педагогикалық еңбектерге талдау жүргізе отырып, біз өнертану мамандарына кәсіби білім беру мен оқыту мазмұнының икемділігін қалыптастыруда оқу-бағдарламалық құжаттамаларды негізінде мынандай кезеңдерден тұратын оның құрылымдық әдістемесін ұсынамыз:

- болашақ өнертану мамандарының кәсіби қызметтік бағыты бойынша үлгісін әзірлеу;

- квалификациялық талаптарын ескере отырып жалпы кәсіби білдімдерді, біліктерді, дағдыларды қамтитын нақты болашақ өнертану мамандықтың барлық мамандарына ортақ қызметі аймағындағы білімді, білікті және дағдыларды сипаттайтын кәсіби мамандық бойынша; кәсіби қызметтегі білімді, білікті, дағдыны сипаттайтын бағыт бойынша әзірлемесін даярлау;

- кәсіби мамандықтарға, бағыттарға арналған оқыту мазмұнының модулін әзірлеуде болашақ өнертану мамандарының зерделілік дамуына, жалпы кәсіби білігі мен білімі шеңберіндегі осы мамандыққа арналған жалпы мазмұнына сипаттама беру; тәжірибе түрлерін және аяқтаушы оқыту нысандарын оқу пәндерінің мазмұның әзірлеу;

- болашақ өнертану мамандары меңгертетін оқу пәндері мен пәнаралық жүйесіне қатынасын және студент таңдап алған бағытқа қатысты практика мазмұнын анықтау;

- оқу жоспарын құру және рәсімдеу;

- оқу бағдарламаларын әзірлеу және рәсімдеу.

Жалпы білім берудің феномені құрылымдық жағынан екі жақты болып келеді:

- сөздің өзіндік мағынасында жалпы білім беру ретінде қабылданылуы, яғни арнайы білім берумен қатар жылдар ағымында өрістеген жеке адамның қалыптасуының үздіксіз тура жолы;

- білім берудің ең алғашқы үш сатысын қамтитын базалық кезеңі, яғни жалпы білім беру және арнайы біліммен ұштасатын кәсіби білім беру жүйесі.

Болашақ мамандарының кәсіби қалыптасу процесін мұқият қадағалау мен талдаудың нәтижесінде оның өзіндік сапалық қасиеттерін атауға болады: жеке қасиеттерін қызмет саласында өз қабілетін мен іс-әрекетіне бейімдеп көрсету [3].

Жалпы білім беру мазмұнының құрылымы құрылымдық компоненттерді (оқу пәндері) және олардың өзара байланыстарын жан-жақты қамтиды. Өз кезегінде олар білім берудің бүкіл жүйесіне дәнекер бола аларлықтай қасиетке ие. Қызметтің жалпы құрылымдарының өзара ықпалдасу аймақтары оқу пәндерінің түйіндері болып табылады. Сонымен, жалпылама алғанда жалпы болашақ өнертану мамандарына кәсіби білім берудің тура бағыт-бағдарын айқындайтын әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің тобы төмендегідей болып келеді:

- педагогика және психология негіздері

- тілдік қатынас құралын анықтайтын пәндер: қазақ тілі, орыс тілі, шет тілдері (ағылшын және француз),

- философия,

- саясаттану,

- құқық негіздері,

- экономикалық теория негіздері,

- информатика,

- экология және тұрақты даму,

- Қазақстан тарихы,

- өнердегі этика негіздері,

- мәдениеттану,

- қазақ және әлем әдебиеті.

Аталып өткен пәндердің мемлекеттік стандартқа сәйкес қамтылған.

Болашақ өнертану мамандарына кәсіби білім берудің жоғарыда көрсетілген пәндердің барлығы бірінші және екінші курс көлемінде беріледі.

Болашақ өнертану мамандарына білім берудің жалпы ұлттық мақсаттарын белгілеуге болады:

- ұлттық өнердің даму жолдарын көрсетуде мазмұнды мәліметтер беру және әлемдік деңгейдегі өнердің ең үздік үлгілерінің тәжірибелерін меңгеруге жағдай жасау;

- қоғам қажеттілігіне сәйкес өнер саласында жеке тұлғаның қалауынша сапалы білім беруді жүзеге асыру, және болашақ өнертанушыларға білім алудың формалары, мазмұндық сипаттары мен оқу мерзімдерін таңдауға мүмкіндік беру.

Жалпы білім беру пәндерін оқытудың мақсаттарын мынадай жолдармен анықтауға болады:

- мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде меңгеру тілдік қарым-қатынас дағдыларын меңгеруге жағдай жасау;

- мемлекеттік және орыс тілдерінде іс қағаздарын сауатты жүргізуге дағдыландыру;

- педагогика мен психология ғылымдарының оқыту, тәрбиелеудегі негізгі мәселелерінің жеке тұлғаның шығармашылық деңгейін дамыту;

- философия мен тарихтың негіздерін меңгеруде теориялық білім деңгейін жетілдіру;

- әлеуметтік-гуманитарлық пәндер арқылы алған ілімдерін практика жүзінде іске асыру жолдарын көрсету;

- әлеуметтану мен саясаттану саласындағы білімдерін толықтыру;

- экология саласындағы көкейкесті мәселелерді талдауға машықтандыру;

- ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы таным процесін дамыту;

- бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану тәжірибелерін кеңінен өз практикасында қолдануды игерту;

- ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру мен қалыптастыру дағдыларын игеру (сұрыптау, жүйелеу және мәліметтерді пайдалану).

- әлемдік және отандық өнер туындыларын оқуға, әдеби шығармаларды өнертану тұрғысынан талдау жүргізуге дағдыландыру;

- өнер шығармаларының әдістемелік және талдау тәсілдерін оқу;

- әлемдік және отандық өнер тарихының негізгі білімін меңгеру (бейнелеу өнері, театр, кино).

- өнер салалары сабақтастығы арқылы болашақ өнертанушылардың эстетикалық дүниетанымын қалыптастыру.

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің тұтастығы болашақ өнертанушыларға білім беруде жаңа әдіс-тәсілдер мен формаларды кеңінен пайдалануды талап етеді. Болашақ мамандардың біліктілігін арттыруда олардың ойлау қабілетін дамытумен қатар білім алудағы шығармашылық белсенділігін жоғарлатуда ықпал ететіні сөзсіз.

Болашақ мамандарының кәсіби даярлау процесінде әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытуда олардың өз бетінше шығармашылық деңгейін жетілдіру мен оқу-танымдық іс-әрекетін дамыту бағытында жүргізілетін әдістемелер жүйесі олардың белсенділігін арттыра түседі [4]. Ұсынылған арнайы курс бағдарламалары арқылы студенттердің өзіндік жұмыс түрлерін орындауда кәсіби шығармашылығын жетілдіруге, кәсіби іскерлігін дамытады. Сонымен бірге, білім беру үрдісінде студенттердің белсенділігін, кәсіби біліктілігін арта түседі. Өзіндік жұмыс түрлерін орындау арқылы өнертанушы мамандары лекция, семинар практикалық сабақтарына дайындалу мақсатында баяндама, реферат, шағын хабарламаны ғылыми тұрғыда негіздей отырып жасауға үйренеді.

Сонымен, әлеуметтік-гуманитарлық бағыт шеңберінде оқу процесінің негізіне болашақ маманның жеке қабілетінің дамуын алға қоямыз.

Көптеген ғалымдардың зерттеулерінде анықталған болашақ мамандардың кәсіби даярлаудың теориялық негіздеріне талдау жасау арқылы [5] мынадай қорытындыға келдік. Атап айтатын болсақ, олар:

- өнертану мамандарын кәсіби даярлау жүйесі күрделі құрылым, оның басты мәселесі болашақ өнертанушыларды оқытуға, тәрбиелеуге және дамытуға бағытталады;

- әлеуметтік-гуманитарлық пәндер арқылы ғылыми білім беру мен өнертану саласында қызмет атқара алатын жеке тұлғаның арнайы білімін, іскерлігін, дағдылары мен іскерлік жиынтығын қалыптастыру;

- белгілі тұлғалық және кәсіби іскерлігіне сай болатын іс-әрекетті кәсіптік талаптарға сәйкес жоғары дәрежелі маманды даярлау;

- жоғары өнер саласы деңгейінде қалыптасатын оқу процесін мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа негізделуі;

- қазіргі кезеңде білім беруді дамытуда оқу процесін өнертану мамандарының ерекшелігін ескере отырып ізгілендіру.

Осыған сәйкес болашақ өнертану мамандарын кәсіби даярлауды жетілдіруге арналған

зерттеулер қажет, оның құрамында маманның кәсіби шығармашылығын жетілдіруге даярлау үрдісін анықтауға негіз болатын теориялық-әдіснамалық аспектілерін негіздеу қажеттігі туындап отыр.

Қорыта айтқанда, академия өз статусына сай келетін терең білімді өнертанушы мамандарын даярлау процесін мақсат ете отырып, көп жылдар бойы қалыптасқан кәсіптік даярлығын жүзеге асыратын әлеуметтік-гуманитарлық пәндер топтамасымен қатар кәсіби пәндерін оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздерімен ұштастырылуы қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Джураев Р.Х. Организационно-педагогические основы интенсификации системы профессиональной подготовки в учебных заведениях профессионального образования. Дисс. докт. пед. наук. – Спб., 1995. – 300 с.
2. Закирьянов К.Х. Теория и практика подготовки специалистов в высших учебных заведениях. – Усть-Каменогорск, 1994. - 415 с.
3. Харламов И.Ф. Педагогика. – М.: Высшая школа, 1990. – 324 с.
4. Анцибор М.М. Активизация учебно-познавательной деятельности студентов при изучении дисциплин педагогического цикла. – М.: Прометей, 1989. – 238 с.
5. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы, 1998. – 320 с.

Редакцияға 08.06.2010 қабылданды.

Е.Б. ОМАРОВ

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДА «ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ПӘНІ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫ ДИНАМИКАСЫН ТАЛДАУ

The peculiarities of the students' physical state (both men and women) to have a more objective evaluation by means of teachers' influence on human organism, during the PT and sports activity and the students' youth social and cultural preparedness are considered in the given article.

Студенттер арасында дене шынықтыру құралдарын қолданудың педагогикалық мүмкіндіктерін зерттеу кезінде жоғарғы оқу орындағы «Дене шынықтыру» пәні ағза жүйелерінің негізгі функционалдық мүмкіндіктерінің, әлеуметтік және физикалық маңызды сапалары дамуының бірсыпыра мәселесі қарастырылады. Студенттердің дене мәдениеті құндылықтарына тұлғалық қатынасының негізгі көрсеткіші – адам денсаулығының деңгейі, оның физикалық дене дайындығының дамуы, ағзаның физикалық дайындығы және функционалдық мүмкіндіктері [1].

Осыған байланысты, студенттердің физикалық дене дайындығы жағдайын бағалау келесі өлшемдер бойынша жүзеге асырылды:

- артериалдық систологиялық қан қысымының деңгейі;
- қимылсыз жағдайдағы жүрек соғысының жиілігі (ЖСЖ);
- өкпенің өмір сүру сыйымдылығы;
- мөлшерленген физикалық жүктемені орындағаннан кейінгі жүрек соғысы жиілігінің қалпына келу уақыты;

- денсаулықтың соматикалық деңгейі;
- сырқаттықты өзіндік бағалау деңгейі.

Сонымен қатар, дене дайындығы жағдайын анықтау үшін, ағзаның физикалық дайындығының тура көрсеткіштері есепке алынды:

- саусақ буын күші;
- әйелдер мен еркектер үшін 100 м жүгіру нәтижесі;
- әйелдер үшін 2000 м және еркектер үшін 3000 м жүгіру нәтижесі;
- әйелдер үшін «арқада жату» күйінен «отыру» күйіне ауысу арқылы кеудені көтеру және еркектер үшін аспа темірге тартылу саны.

Зерттеудің ұйымдастырылуы мен әдістері «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу-тәрбиелік үрдістің ұйымдастыру ерекшеліктері, дене шынықтыру саласы бойынша білімдер, соматикалық денсаулық потенциалының деңгейі және функционалдық дайындығы, физикалық даму көрсеткіштері динамикасымен бағалауға мүмкіндік беретін, адамның жалпы мәдениетінің құндылықтарына қатынасын кешендік тәсілді қолдану жолымен жүзеге асырылды. Бұл кезде ағза жағдайының объективті морфофункционалдық көрсеткіштерін тіркеудің аппараттық әдістері,